«ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ»

БҰЙРЫҚ | ПРИКАЗ

29.03.2024 ж. № 46-О

Астана қаласы | город Астана

**Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңес құру туралы**

«Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 12-тармағы 6-тармақшасының үшінші абзацына және 15-тармағы 30-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоғам жанындағы Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңес құрылсын.

2. Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңес ережесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің құрамы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қоғамның вице-президенті – Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның басшысы Е.Т. Жұманбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қоғам президенті** **Д. Арғындықов**

ENBEK.KZ

002409

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президентінің
2024 жылғы «29» 03
№ 76-Ө бұйрығына
1-қосымша

# Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңес ЕРЕЖЕСІ

**Астана қ., 2024 жыл**

## I. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12-тармағы 6-тармақшасының үшінші абзацына сәйкес әзірленді.

2. Кәсіптік біліктілік жөніндгі ұлттық органы жанындағы Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сараптамалық кеңес Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылады

3. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Ұлттық біліктілік жүйесі – біліктілікке еңбек нарығы тарапынан сұранысты және біліктілікке білім беру, оның ішінде информалды білім беру жүйесі тарапынан ұсынысты реттеу мен келісудің құқықтық және институционалдық құралдары мен тетіктерінің кешені;

2) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган – «Кәсіптік біліктілік туралы» 2023 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша консультациялық және әдіснамалық қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғам нысанында құрылған орган;

3) Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңес (Сарапшылық кеңес) – «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органы жанынан құрылған консультативтік-кеңесші орган, оның құрамына әртүрлі сфералар (салалар) қатарындағы қызметкерлер кіреді.

4. Сарапшылық кеңестің жұмыс органы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның Ұлттық біліктілік жүйесін әдіснамалық қолдау департаменті болып табылады.

## II. Сарапшылық кеңестің негізгі міндеттері және функциялары

5. Сарапшылық кеңестің негізгі міндеттері:

1) Ұлттық біліктілік жүйесінің базалық құралдарын дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу;

2) Ұлттық біліктілік жүйесі саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың жобаларын және әдістемелік ұсынымдарды (нұсқауларды, нұсқаулықтарды және басқа материалдарды) қарау;

3) Ұлттық біліктілік жүйесі қатысушыларының өзара іс-қимылының тиімділігіне талдау жүргізу.

6. Сарапшылық кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Ұлттық біліктілік жүйесін және еңбек ресурстарының дағдыларын дамытуға қатысты мәселелер бойынша іс-шаралар жоспарларын талқылайды;

2) Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар әзірлейді және ұсынымдар береді;

3) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган әзірлеген әдістемелік ұсынымдарды (нұсқауларды, нұсқаулықтарды және басқа материалдарды) келіседі және оларды бекітуге ұсыныстар енгізеді;

4) Ұлттық біліктілік жүйесін жетілдіру мақсатында нормативтік құқықтық базаға ұсыныстар әзірлейді;

5) Ұлттық біліктілік жүйесін дамытуға қатысты өзге де мәселелерді талқылау.

## III. Сарапшылық кеңестің құрамы және оның жұмыс тәртібі

7. Сарапшылық кеңес төрағаның, төрағаның орынбасарының, хатшының және сараптамалық кеңес мүшелерінің құрамынан құрылады.

8. Сарапшылық кеңестің төрағасы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ вице-президенті-Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган басшысы болып табылады. Сараптама кеңесі төрағасының, төрағасының орынбасарының, хатшысының және мүшелерінің міндеттерін орындау қоғамдық негізде жүзеге асырылады.

9. Сарапшылық кеңестің төрағасы:

1) Сарапшылық кеңестің жұмысына басшылық жасайды, сараптамалық кеңеске жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты болады;

2) Сарапшылық кеңестің отырыстарында төрағалық етеді;

3) отырыстың күн тәртібін бекітеді және қажет болған жағдайда Сарапшылық кеңесінің отырысын шақырады;

4) Сарапшылық кеңесінің қорытындыларына қол қояды.

Сарапшылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оны сараптамалық кеңес төрағасының орынбасары алмастырады.

10. Келесі өкілдер Сарапшылық кеңесінің мүшелері болып келеді:

1) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органы;

2) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары;

3) «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы;

4) Қазақстан Республикасының жұмыс берушілер қауымдастықтарының және қоғамдық бірлестіктерінің ассоциациялары;

5) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;

7) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы тәуелсіз сарапшылар.

11. Сарапшылық кеңестің мүшелері:

1) Сарапшылық кеңестің отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау кезінде тең құқықтарға ие;

2) Сарапшылық кеңес қызметінің мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің төрағасына жүгінуге құқығы бар;

3) Сарапшылық кеңесіне келіп түсетін ақпаратты белгіленген тәртіппен пайдалануға құқығы бар;

4) Сарапшылық кеңесінің отырысында болмаған жағдайда қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша нысанда баяндауға құқылы.

12. Отырыстарды өткізу мерзімдерін Сарапшылық кеңестің төрағасы белгілейді. Егер отырыстарға Сарапшылық кеңес мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, отырыстар заңды деп есептеледі.

Шешімді Сарапшылық кеңес көпшілік дауыспен дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады

13. Сарапшылық кеңесінің отырыстары сараптама кеңесінің төрағасы не төрағаның орынбасары айқындайтын күндерде өткізіледі.

14. Сарапшылық кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

15. Сарапшылық кеңес отырысының шешімдері хаттамалық қорытынды түрінде ресімделеді және ұсынымдық сипатта ретінде қабылданады.

16. Жұмысты ұйымдастыруды, Сарапшылық кеңестің отырыстарын өткізуге дайындықты, тиісті құжаттарды, материалдарды дайындауды және ресімдеуді, сондай-ақ Сарапшылық кеңестің отырысынан кейін хаттамаға қол қоюды Сарапшылық кеңестің хатшысы жүзеге асырады.

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның қызметкері Сарапшылық кеңестің хатшысы болып табылады.

Хатшы Сарапшылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президентінің
2024 жылғы «29» 03
№ 76-О бұйрығына
2-қосымша

**Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің құрамы**

| № | Аты-жөні | Қызметі және жұмыс орны |
|---|---|---|
| 1 | ЖҰМАНБАЕВ Ерасыл Темірбекұлы | «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ вице-президенті – Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның басшысы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің төрағасы |
| 2 | ШОНАЕВА Лязат Жаббарқызы | «Атамекен» ҰКП Адами капиталды дамыту департаменті директорының орынбасары, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңес төрағасының орынбасары |
| 3 | АЙБУЛЬДИНОВА Айнұр Изатқызы | «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ ҰБЖ әдіснамалық қолдау департаменті ҰБЖ әдіснамалық қолдау басқармасының басшысы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің хатшысы |
| 4 | УВАЛЕЕВ Жоламан Есімсейітұлы | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық технологиялар саласын дамыту департаментінің біліктілік мәселелері жөніндегі сарапшысы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 5 | ЯШКИНА Гульнар Бердіғұлқызы | Қазақстан Респуликасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің стандарттау және тауар шығарылған ел басқармасының басшысы, Ұлттық |

| | | |
|---|---|---|
| | | біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 6 | УТЕЛЬБАЕВА Шолпан Әнуарбекқызы | «Talap» КеАҚ президенті, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 7 | КЛИМЦЕВА Любовь Васильевна | «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» ШЖҚ РМК филиалының бастығы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 8 | МҰХАМБЕТОВА Әмина Ақзатқызы | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы басқармасы кеңсесінің басшысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, сараптама кеңесінің мүшесі, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 9 | ӘМІР Қымбат Қайыркенқызы | «Talap» КеАҚ Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мазмұны басқармасының басшысы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 10 | НИГМЕТЖАНОВА Марал Құдайбергенқызы | «Talap» КЕАҚ стратегиялық даму, жиынтық талдау және мониторинг басқарма бастығының м.а., Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 11 | АХМУРЗИНА Ляззат Жексенбайқызы | «Kazenergy» қауымдастығының атқарушы директры, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 12 | ИСАБЕКОВ Марат Ұланұлы | «KAZLOGISTICS» корпоративтік қорының директоры, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 13 | ЗАИТОВА Светлана Александровна | «Қазақстандық регистр» ЗТБ СРО президенті, сарапшылық кеңесінің мүшесі |

| | | |
|---|---|---|
| 14 | САБРАЛИЕВА<br>Марина Дуйсенгалиевна | Қазақстан тамақ кәсіпорындары одағының вице-президенті – Тамақ өнеркәсібі, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 15 | МИТРОФАНОВА<br>Инна Валерьевна | «Қазақстан қант, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қауымдастығы» ЗТБ вице-президенті, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 16 | РАИСОВА<br>Гульмира Болатқызы | Қазақстан Республикасы HR-менеджерлер Қауымдастығының Үйлестіру кеңесінің төрағасы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 17 | МЕНДЕШЕВА<br>Гүлнәр Габдрахимқызы | «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Әдіснама және стратегия департаментінің басшысы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 18 | НУРКАТОВА<br>Ляззат Төлегенқызы | «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 19 | МІРЖАҚЫПОВА<br>Седеп Тоқтамұратқызы | э.ғ.д., Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің профессоры, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 20 | РЫСҚАЛИЕВ<br>Болат Құлмұханұлы | Астана қаласы әкімдігінің «Astana Polytechnic» жоғары колледжінің басшысы, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 21 | СВЕРДЛОВА<br>Елена Александровна | Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды кәсіптік-техникалық колледжі» КММ директорының орынбасары, Ұлттық біліктілік жүйесі |

| | | |
|---|---|---|
| | | мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |
| 22 | ЗИГАНГИРОВА Елена Викторовна | Тәуелсіз сарапшы, «Эрнст энд Янг» ЖШС Халықаралық аудиторлық-консалтингтік компанияның консультациялық қызметтер департаментінің менеджері, Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша Сарапшылық кеңестің мүшесі |